

## **Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін қалыптастыру және аккредиттеу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 66 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 маусымдағы N 942 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.06.19 N 942 Қаулысымен.*

"Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына және "Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 617 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін қалыптастыру және аккредиттеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 1

қ а ң т а р д а ғ ы

N 6 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін қалыптастыру және аккредиттеу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін қалыптастыру және аккредиттеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 617 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2001-2003 жылдарға арналған инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

Осы Ереже инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің нысандары мен түрлерін жүйеге келтіру мақсатында әзірленген.

## **2. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ұйымдастыру тәртібі**

2. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құрудың мақсаты өндірістік қызметті, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалану процесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін ұлттық инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру болып табылады.

3. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері мынадай мәртебе бойынша танылады:

- 1) халықаралық;
- 2) ұлттық/мемлекеттік;
- 3) салааралық;
- 4) салалық;
- 5) аймақтық.

4. Халықаралық, ұлттық немесе салааралық мәртебесіне ие инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ұйымдастыру жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

5. Салалық немесе аймақтық мәртебесіне ие инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ұйымдастыру жөніндегі шешімді тиісті салалық орталық атқарушы органның басшысы немесе тиісті аймақтық әкімдіктің басшысы қабылдайды.

## **3. Технологиялық полистер мен технологиялық парктерді қалыптастыру тәртібі**

6. Технологиялық полистер мен технологиялық парктерді құрудың мақсаты - өндірістік қызметті, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалану процесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін елдің инновациялық инфрақұрылымының құрамдас бөлігі болып табылатын инновациялық қызметтің субъектілерін ұйымдастыру болып табылады.

7. Технологиялық полистер мен технологиялық парктердің қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- 1) отандық және әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің үздік жетістіктерін өндіріске енгізу;
- 2) жаңа инновациялық өндірістерді құруға жәрдемдесу;
- 3) ғылыми-техникалық зерттеулерді және инновациялық өндірістерді инвестициялау;
- 4) ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесетін идеяларды қалыптастыру және әзірлеу;

5) инновациялық кәсіпорындарға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін инфрақұрылым құру және қолайлы жағдай жасау;

6) ғылыми-техникалық кадрларды, әсіресе жаңа технологиялар мен инновациялық өндірістер саласында даярлау және қайта даярлау бағыттарын жедел қайта бағдарлауға жәрдемдесу;

7) ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеулерінің, ашылымдарының және өнертабыстарының нәтижелерін коммерцияландыратын шағын инновациялық кәсіпорындар мүдделерінде құрылатын инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;

8) экономиканың және әлеуметтік саланың инновациялық өнімге қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, оқу ұйымдарының және кәсіпкерлік орта өкілдерінің күшін біріктіру;

9) экономика, менеджмент, маркетинг саласында кәсіпкерлерді оқыту және дайындау, олардың кәсіптік, құқықтық, экономикалық және басқару білімдерінің деңгейін арттыру;

10) нақты сектордың өкілдерін қолда бар отандық және шетелдік ғылыми-техникалық әзірлемелердің көлемінде бағдарлау мақсатында ғылыми және технологиялық ақпаратты тарату;

11) инновациялық кәсіпкерлікті құруда және дамытуда материалдық-техникалық көмек көрсету;

12) инновациялық кәсіпкерліктің өкілдеріне маркетингтік, консультативтік және басқару қызметін көрсету;

13) инновациялық өнімге мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша тендерлерге қатысу.

8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық ұйымдар, жоғары оқу орындары, инвестициялық және инновациялық қорлар және басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғалар технологиялық полистердің немесе технологиялық парктердің құрылтайшылары бола алады.

9. Технологиялық полис немесе технологиялық парк өзінің ұйымдастыру құрылымын дербес қалыптастырады. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің құрылымы оның қызметінің негізгі бағыттары мен ерекшелігіне сүйене отырып анықталады.

10. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің міндетті құрылымдық бөлігі:

1) инновациялық өнімді әзірлеуді және сериялық өндірісті ұйымдастыру үшін тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруге дейін жеткізуді қамтамасыз ететін зертханалық, тәжірибелік-конструкторлық, өндірістік базасының болуы;

2) шағын жаңадан кірісуші инновациялық фирмаларға 3 жылдан артық емес жеңілдік мерзіміне өндірістік үй-жайлар беретін шағын бизнес инкубаторы;

3) технологиялық парктің компанияларына технологиялық полис немесе технологиялық парк қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін ақпараттық, заңдық, патенттік, лицензиялық, инжинирингтік, маркетингтік, бухгалтерлік, қаржылық, жарнамалық-басылымдық және басқа да қызмет көрсететін сервистік кәсіпорындар мен фирмалар болып табылады.

11. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің қызметін жедел басқаруды Дирекция жүзеге асырады.

12. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің құрамына инновациялық кәсіпорынды енгізудің инновациялық жобасын іске асыру туралы шешімді Сарапшылық кеңестің қорытындысы негізінде құрылтайшылардың өкілдерінен тұратын Директорлар кеңесі қабылдайды.

13. Сарапшылық кеңес мыналарды жүзеге асырады:

1) инновациялық өнімді әзірлеушілерден, кәсіпкерлерден түсетін тапсырыстар мен жобаларға алдын ала талдауды, жобаның жаңалығын және техникалық орындалу мүмкіндігін бағалайды;

2) жасалатын инновациялық өнімнің рыноктық тартымдылығын, оның қаржылық және экономикалық орындалу мүмкіндігін бағалайды;

3) жеке тұлғалар, ЖОО, ҒЗИ мамандары және т.б. орындаған жаңа идеялар мен әзірлемелерді жинауды және тіркеуді жүргізеді, патенттік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

4) аймақтық және/немесе салалық кәсіпорындардың жай-күйіне талдау жасайды және инновациялық өнімге деген қажеттілікті анықтайды.

14. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің мүлкі мен қаражаты оның құрылтайшыларының жарғылық қорға салымдары, қатысушылардың, шетелдіктерін қоса алғанда басқа да заңды және жеке тұлғалардың жыл сайынғы және біржолғы жарналары, технологиялық парктердің қызметінен түскен кірістер, мақсатты бюджеттен қаржы бөлу, сондай-ақ басқа да заңнамаға қайшы келмейтін негіздер бойынша технологиялық парк немесе технологиялық полис сатып алған мүлік есебінен құрылады.

Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің мүлкі материалдық және қаржылық құралдардан, зияткерлік меншік объектілерінен, өзге де мүлктік құқықтардан тұрады.

15. Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. Технологиялық инкубаторларды қалыптастыру тәртібі**

16. Технологиялық инкубаторлардың мақсаты материалдық, ақпараттық, консультативтік және басқа да қажетті қызмет көрсету жолымен шағын және орта инновациялық кәсіпорындардың пайда болуы және тиімді қызметі үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

17. Технологиялық инкубаторлар өз қызметі барысында мынадай:

1) жаңадан кіріскен шағын инновациялық кәсіпорындарды инкубаторлардың шегінен тыс дербес қызметіне дайындау;

2) кәсіпкерлердің жобаларды даярлау, өндірісті құру және оны басқару аясындағы білім деңгейін арттыру;

3) жеңілдік жағдайында өндірістік және әкімшілік алаңдарды жалға беру, жалпы коммуналдық қызметтер, байланыс, бухгалтерлік есеп, іс жүргізу қызметтерін көрсету, жабдықтар лизингін ұйымдастыру, консультациялық қызметтер;

4) шағын және орта инновациялық кәсіпорындарды ұйымдастыруға жәрдемдесу;

5) қаржы-қаражат іздестіру және тарту;

б) еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту міндеттерін шешеді.

18. Кез келген заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдіктері де, технологиялық инкубаторлардың құрылтайшылары болуы мүмкін. Жарғы капиталына орталық және жергілікті атқарушы органдар, аймақтық және салалық инновациялық бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік кәсіпорындар қатысуы мүмкін.

19. Технологиялық инкубаторлардың жедел шаруашылық басқаруын атқарушы директордан, бухгалтерден, маркетинг және шаруашылық қызметтерінен тұратын Дирекция жүзеге асырады.

20. Инновациялық өндірістерді ұйымдастыру үшін жеткілікті ғылыми-техникалық әлеуеттің, кеңселік және өндірістік үй-жайлардың болуы міндетті талап болып табылады.

21. Дирекция көрсететін қызметтердің көлемі мен деңгейі технологиялық инкубатордың алдында тұрған міндеттердің тиімді шешілуін қамтамасыз етуі тиіс.

22. Өндірістік және әкімшілік үй-жайлар түріндегі коммуналдық меншік, құрылтайшылардың келісімі бойынша қаржы-қаражат, ақшалай баламасында бағаланған материалдық активтер түрінде төлеуге болатын технологиялық инкубатордың Жарғылық қорына құрылтайшылардың жарналары технологиялық бизнес-инкубаторларды құрудың материалдық-қаржылық негізі болып табылады.

23. Технологиялық инкубаторлардың таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырылады.

## **5. Инновациялық орталықтарды қалыптастыру тәртібі**

24. Инновациялық орталықтарды құрудың мақсаты инновациялық қызмет субъектілеріне инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстар мен қызмет көрсетулерді ұсынатын ұйымдардың жиынтығын білдіретін инновациялық инфрақұрылымды құру жөніндегі қажетті жағдайлар мен қолайлы орта жасау болып табылады.

25. Инновациялық орталықтардың жұмыс істеуінің негізгі міндеттері:

1) инновациялық кәсіпкерлікті (шағын және орта инновациялық кәсіпорындар) құруда және дамытуда материалдық-техникалық көмек көрсету;

2) инновациялық кәсіпкерліктің өкілдеріне маркетингтік, консалтингтік және басқару қызметтерін көрсету;

3) шағын және орта инновациялық кәсіпорындарға қаржылық және материалдық қолдау көрсету үшін қаржы-қаражат іздестіру және тарту;

4) ұйымдардың инновациялық белсенділігін және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруды арттыруды, сондай-ақ ғылыми-технологиялық саладағы инновациялық қызмет үшін менеджерлер даярлауды дамытуды қамтамасыз ететін инновациялық қызмет саласында кадрлар даярлау және қайта даярлау;

5) қолда бар отандық және шетелдік ғылыми-техникалық әзірлемелердің көлемінде нақты сектордың өкілдерін бағдарлау мақсатында ғылыми және технологиялық ақпаратты тарату;

6) инновациялық кәсіпорындарға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін инфрақұрылым құру мен қолайлы жағдайлар жасау, ғылыми-техникалық кадрларды, әсіресе жаңа технологиялар мен инновациялық өндірістер саласында даярлау мен қайта даярлау бағыттарын жедел қайта бағдарлауға жәрдем көрсету;

7) зияткерлік өнімді жасау және пайдалану, төлтума идеялар мен жаңа немесе жақсартылған тұтыну қасиеттері бар дайын өнімді іске асырғанға дейін жеткізу, тауарлар мен қызмет көрсетудегі қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру;

8) ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесетін идеяларды қалыптастыру мен әзірлеу;

9) ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тәжірибелі-өнеркәсіптік өндіруге дейін жеткізуге мүмкіндік беретін ғылым мен экономиканың нақты секторы арасындағы тиімді байланысты қамтамасыз ету;

10) ғылыми-техникалық зерттеулер мен инновациялық өндірістерді инвестициялау;

11) білімнің, ғылым мен өнеркәсіптің тығыз ықпалдастығын және олардың қоғамды экономикалық дамытуға бағытталуын қамтамасыз ету;

12) отандық және әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің озыңқы жетістіктерін өндіріске енгізу;

13) жаңа инновациялық өндірістерді құруға жәрдемдесу болып табылады.

26. Мемлекеттік және муниципалдық билік, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық ұйымдар, инвестициялық қорлар, банктер, меншіктің кез келген нысанындағы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірушілердің салалық бірлестіктері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғалар инновациялық орталықтардың құрылтайшылары бола алады.

27. Инновациялық орталықтар ұйымдастыру құрылымын дербес қалыптастырады. Инновациялық орталықтардың құрылымы оның қызметінің негізгі бағыттарынан және ерекшеліктерінен анықталады.

28. Инновациялық орталықтар өздерінің қызметін мемлекеттік және аймақтық инновациялық бағдарламалар аясында жүзеге асырады.

29. Аймақтық инновациялық бағдарлама аймақтарды экономикалық және әлеуметтік дамыту бағдарламалары негізінде қалыптасады және аймақтағы инновациялық инфрақұрылым мен инновациялық әлеуетті дамытудың негізгі басымдықтарын анықтайды. Инновациялық бағдарламалар инновациялық жобалар мен инновациялық инфрақұрылымды дамыту жобаларын конкурстық іріктеу негізінде қалыптасады.

30. Технологиялық парктерді құрудың материалдық-қаржылық негізі Орталықтың инновациялық қорына құрылтайшылардың келісімі бойынша жүргізілетін қаржы-қаражат, ақшалай баламасында бағаланған материалдық активтер, бағалы қағаздар, зияткерлік меншікке құқықтар және т.б. түріндегі құрылтайшылардың жарналары болып табылады.

31. Технологиялық инкубаторлардың таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырылады.

## **6. Инновациялық қорларды қалыптастыру тәртібі**

32. Инновациялық қорларды қалыптастыру мақсаты инновациялық қызметті дамыту бойынша қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

33. Инновациялық қордың негізгі міндеттері:

1) инновациялық қызметті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

2) қайтарымды негізде инновациялық бағдарламаларды мақсатты қаржыландыру;

3) ғылыми-техникалық кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті дамыту



ү ш і н

ж а ғ д а й

ж а с а у ;

- 4) ғылыми-техникалық өнімдердің рыногын қалыптастыру;
- 5) шағын және орта инновациялық кәсіпорындарға қаржылай және материалдық қолдау көрсету үшін қаржы-қаражат іздестіру және тарту;
- 6) Қазақстан Республикасының және шетелдік сақтандыру компанияларында инновациялық коммерциялық және енгізбелік тәуекелді сақтандыруды жүзеге а с ы р у ;
- 7) инновациялық кәсіпкерліктің өкілдеріне маркетингтік, консультативтік және басқару жағынан қызмет көрсету;
- 8) ғылыми-техникалық зерттеулер мен инновациялық өндірістерді инвестициялау болып табылады.

34. Кез келген заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдіктері де инновациялық қорлардың құрылтайшылары болуы мүмкін. Жарғылық капиталға орталық және жергілікті атқарушы органдар, аймақтық және салалық инновациялық бағдарламалар аясында мемлекеттік кәсіпорындар қатысуы мүмкін.

35. Инновациялық қорларды құрудың материалдық-қаржылық негізі құрылтайшылардың келісімі бойынша қаржы-қаражат, ақшалай баламасында бағаланған материалдық активтер түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін көздерден жүргізілетін инновациялық орталықтың Жарғылық қорына құрылтайшылардың жарналары болып табылады.

36. Инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешімді инновациялық қордың жанындағы Сарапшылық кеңестің қорытындысы негізінде құрылтайшылар өкілдерінен тұратын Директорлар кеңесі қабылдайды.

37. Инновациялық қорды жедел басқаруды Дирекция жүзеге асырады.

## **8. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу тәртібі**

38. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу бірыңғай жалпы республикалық инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

39. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеуді Инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық кеңеспен бірлесіп, инновациялық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (уәкілетті орган) жүзеге асырады.

40. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері аккредиттеу алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) уәкілетті орган белгіленген нысандағы аккредиттеу жүргізуге және аккредиттелгені туралы куәлік беруге өтініші;



2) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің даму деңгейін сипаттайтын кешенді анықтама;

3) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және олардың құрылғанын растайтын өзге де құжаттар;

4) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің Жарғысы мен құрылтай құжатының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) тіркеу орны бойынша салық органының ұйымның салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы анықтамасы (уәкілетті органға құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы ай үшін беріледі);

6) ұйымның қаржылық жай-күйі туралы банктің анықтамасы (уәкілетті органға құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы ай үшін беріледі);

7) ғимараттардың, үй-жайлардың техникалық паспортының және инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісіне бөлінген жер мен аумақты пайдалану құқығына берілген актінің нотариалды куәландырылған көшірмелері;

8) құны мен шыққан жылы көрсетілген негізгі құрал-жабдықтардың тізбесі;

9) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі өз клиенттеріне көрсететін қызмет көрсетулердің толық тізбесі;

10) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі даму бағдарламасының (ең кемінде үш жылға) егжей-тегжейлі сипаттамасы;

11) өз тарапынан қол қойылған ұсынылған деректер мен құжаттардың растығын тексеруге келісімі туралы меморандум.

41. Уәкілетті орган құжаттарды жинауды ұйымдастырады, олардың толықтығын және осы Ереже талаптарына сәйкес келуін тексереді, қажет болған жағдайда оларды пысықтау үшін қайтарады.

42. Жергілікті жерлерде тексерістер ұйымдастыру мақсатында уәкілетті орган құрамына уәкілетті органның қызметкерлері мен тартылған мамандар кіретін комиссия құрады.

43. Комиссияның құрамы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

44. Өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды және мүліктік кешен мен материалдық құндылықтарды кедергісіз қарауды ұсыну жолымен комиссия мүшелерінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

45. Тексеріс аяқталған соң комиссия мынадай өлшемдер негізінде қорытынды дайындайды:

1) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің мақсаттары, міндеттері мен функцияларына сәйкес қажетті материалдық-техникалық база мен

оның инфрақұрылымының болуы және оларды құру жөніндегі әлеуетті мүмкіндігі;

2) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің мақсаттары, міндеттері мен функцияларына ұйымдастыру құрылымының, клиенттерге ұсынылатын қызмет көрсетулер тізбесінің, клиенттерді қабылдау және шығару рәсімдерінің сәйкестігі;

3) шығындардың және бюджет пен басқа да міндетті төлемдер алдында берешектің болмауы;

4) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің даму бағдарламасын іске асыруға қабілетті білікті мамандардың болуы;

5) ғылыми және оқу ұйымдарымен тығыз байланыстардың болуы.

46. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің құжаттарын зерделеу немесе оны тексеру нәтижелерінің қорытындысы бойынша комиссия оларды аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы және аккредиттелгені туралы куәлік беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

47. Уәкілетті орган комиссия қорытындысының негізінде аккредиттеуден бас тарту туралы немесе оң қорытындыны Ведомствоаралық кеңестің қарауы және шешім қабылдауы үшін жіберу туралы шешім қабылдайды.

48. Ведомствоаралық кеңес инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісін аккредиттеу мәселесін қарау кезінде мынадай аспектілерді ескереді:

1) комиссия қорытындысының нәтижелері және уәкілетті органның ұсынымдары;

2) экономикалық және әлеуметтік маңыздылығы;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас инновациялық инфрақұрылымын қалыптастырудағы рөлі мен орны;

4) ғылыми, ғылыми-техникалық өнімдер рыногын қалыптастыруға қатысуы.

49. Аккредиттелгені туралы куәлік беруге өтінімді қарау мерзімі 3 айдан аспауы қажет.

50. Ведомствоаралық кеңес өтінімді қарау нәтижелері бойынша аккредиттеу немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

51. Оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган аккредиттелген инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісін аккредиттелген инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері тізіліміне енгізеді.

52. Аккредиттеуден өткен инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісіне уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша 3 жыл мерзімге тиісті куәлік беріледі.

53. Аккредиттелген инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларды

орындауға, мемлекет тарапынан қаражат алуға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру конкурстарына қатысуға құқығы бар.

54. Аккредиттелгені туралы куәлік беруден мынадай себептер бойынша бас тартылуы мүмкін:

1) осы Ереженің 40-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмағандықтан;

2) құрылтай құжаттарында баяндалған қызметке инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің қызметі түрінің сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті орган әзірлеген негізгі талаптарға сәйкес келмеуі.

55. Ведомствоаралық кеңестің теріс шешімі шыққан жағдайда уәкілетті орган Ведомствоаралық кеңестің хаттамалық шешімі негізінде өтініш жасаушыға дәлелді бас тарту жолдайды.

56. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі аккредиттеуден бас тартудың көрсетілген себептерін жойған кезде, аккредиттеу туралы жаңа өтініш жалпы негізде қаралады.

57. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған уәкілетті органның бұйрығымен аккредиттеу туралы бұрын берілген куәліктің күші жойылды деп танылады, бұл туралы инновациялық қызметтің аккредиттелген мамандандырылған субъектілері тізілімінде тиісті жазба жасалады.

58. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісін қайта ұйымдастыру немесе тарату жүргізілген кезде ол уәкілетті органға тиісті ақпарат беруге және технологиялық паркті немесе технологиялық инкубаторларды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзім ішінде куәлікті қайтаруға міндетті.

59. Инновациялық қызметтің аккредиттеу туралы куәлік алған мамандандырылған субъектілері немесе куәліктерді қайтарып алу туралы ақпарат уәкілетті орган арқылы ресми басылымдарда жарияланады.

60. Куәліктің қолданысын тоқтатуға әкеп соқтырған мән-жайлар өзгерген жағдайда, оның қолданысы комиссия ұсынымының негізінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен қайта жаңғыртылуы мүмкін.

61. Уәкілетті органның тиісті шешімі шешім қабылдаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің, құрылтайшының (құрылтайшылардың) назарына жеткізіледі.

62. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің куәлігі жоғалтылған, атауы, заңды мекен-жайы өзгерген құрылтайшыларының құрамы ішінара өзгерген кезде куәлікті қайта ресімдеуге жол беріледі, оны инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі өтінішінің және осы өзгерістерді растайтын құжаттардың негізінде уәкілетті орган рұқсат етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК